*«ҚҚК-Қ» АҚ-дағы сатып алуды жүзеге асыру және келісімшарттарды жасасу қағидаттарына қосымша*

«ҚҚК-Қ» АҚ акционерлерінің
2026 жылғы 25-26 мамыр күнгі
Жылдық жалпы жиналысында
(№ нөмірсіз хаттамасы)
БЕКІТІЛДІ»

**«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережесі»**

**МАЗМҰНЫ**


1-тарау. ҚОЛДАНУ АЯСЫ 4

2-тарау ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 4

3-тарау ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 7

4-тарау БАҒАНЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУ ТӘРТІБІ 8

5-тарау САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ 11

6-тарау САТЫП АЛУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 21

7-тарау САТЫП АЛУ ӘДІСТЕРІ 21

8-тарау САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ ШЕШУ 24

9-тарау ЖАЛҒЫЗ ЖЕТКІЗУШІДЕН (МЕРДІГЕРДЕН, ОРЫНДАУШЫДАН) САТЫП АЛУ 24

10-тарау КЕЛІСІМШАРТТАРДЫ ЖАСАСУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ 26

11-тарау САТЫП АЛУДЫ АҚПАРАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ 28

## КІРІСПЕ

Осы «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу туралы ережесінің (бұдан әрі - Сатып алу туралы ереже) мақсаттары - КҚК-ның тауар, жұмыс, қызмет қажеттіліктерін керекті баға, сапа және сенімділік көрсеткіштерімен уақтылы және толық қанағаттандыру үшін жағдай жасау, ақшалай қаражатты тиімді пайдалану, адал бәсекелестікті дамыту, сатып алу жариялылығы пен ашықтығын қамтамасыз ету, жемқорлық пен басқа да теріс пайдалануға жол бермеу.

КҚК сатып алу процесі сауда-саттық немесе жария конкурс емес, заңнамадағы сатып алу туралы ережелермен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 910-916 баптарымен реттелмейді. Сатып алу процедуралары ең тиімді ұсынысты таңдауға бағытталады және өздігінен Тапсырыс берушінің Сатып алу Жеңімпазымен келісімшарт жасасу міндеттемесін қалыптастырмайды. Осы Сатып алу туралы ережеде және/немесе сатып алу туралы құжаттамада көзделген негіздер бойынша, және де тиісті шешімді міндетті хаттамалай отырып, Сатып алу жеңімпазымен келісімшарт жасасудан бас тартуға жол беріледі.

## 1-тарау. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1. Сатып алу туралы ереже ҚҚК-ның сатып алу қызметін регламенттейді және сатып алу талаптарын, соның ішінде сатып алуға дайындық және жүзеге асыру тәртібін (оның ішінде сатып алу әдісін анықтауды) және оларды қолдану шарттарын, келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын, жалғыз жеткізушімен (мердігермен, орындаушымен) жасалатын келісімшарт бағасын анықтау және негіздеу тәртібін, келісімшарттарды жасасу және орындау тәртібін, сондай-ақ сатып алуды қамтамасыз етуге байланысты өзге де ережелерді қамтиды.

1.2. Сатып алу туралы ереже Жалпы жиналысында бекітілген «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының сатып алуды жүзеге асыру және келісімшарттарды жасасу қағидаттарының қосымшасы болады. Сатып алу ереже сатып алу қызметінің, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа және сатып алу саласындағы басқа да теріс пайдалануға жол бермеу мақсатындағы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерді белгілейді. Сатып алу қатысушыларымен өзара әрекеттесу кезінде ҚҚК қызметкерлері, сатып алуға қатысушылар осы Сатып алу туралы ережесін, сондай-ақ Іскерлік әдеп кодексін, ҚҚК сайтындағы (https://www.cpc.ru) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету» тарауында жарияланған ҚҚК қызметкерлер құрамын басқару практикасын басшылыққа алады.

1.3. Сатып алу туралы ереже қайырымдылық саласындағы тауар, жұмыс немесе қызмет сатып алуды, сондай-ақ сатып алу туралы шешім бекітілген күндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша сомасы 50 000 АҚШ долларының эквивалентінен аспайтын, және де ҚҚК ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және қағидалармен жүзеге асырылатын сатып алуды (шағын сатып алу) регламенттемейді.

## 2-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Сатып алу туралы ережеде тиісті анықтамалары бар төмендегі терминдер қолданылды:

2.1. «**ҚҚК-Қ» АҚ, ҚҚК , Қоғам**, **Тапсырыс беруші** - «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамы.

2.2. **Аукцион** - бәсекелі сатып алу әдісі, бұнда өтінімі сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келетін, және де келісімшарттың бағасын немесе келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын немесе аукцион жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің (жекелеген бағамен сатып алу кезінде) бағасын сатып алу туралы құжаттамада белгіленген шамаға (бұдан әрі - «Аукцион қадамы») тиісінше төмендету арқылы ең төмен баға ұсынған тұлға жеңімпаз деп танылады.

2.3. **Сатып алу туралы құжаттама** - сатып алуды жүзеге асыру туралы шарттар мен процедура жөніндегі, сатып алу қатысушысына, сатып алуға қатысу туралы өтінімге қойылатын талаптар жөнінде ақпаратты, соның ішінде сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама мен келісімшарт жобасын қамтитын құжаттар жиынтығы.

2.4. **«сатып алу», «сатып алулар»** - Сатып алу туралы ережеде және сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын іс-әрекеттер тізбегі, сол іс-әрекеттер нәтижесінде Тапсырыс беруші жеткізушіні (орындаушыны, мердігерді) таңдап, одан әрі келісімшарт жасасып, Тапсырыс берушінің тауар, жұмыс, қызмет қажеттіліктерін

уақытылы әрі толық қанағаттандыру мақсатында келісімшарт тараптары міндеттемелерін орындайды.

2.5. **Жекелеген бағамен сатып алу** - әрбір тауардың, жұмыстың, қызметтің бастапқы (максимал) бағасы, келісімшарт бағасының максимал мәні көрсетілетін және тауардың, жұмыстың, қызметтің бастапқы (максимал) бағалары төмендетілетін, ал келісімшарт бағасы сатып алу барысында өзгеріске ұшырамайтын сатып алу.

2.6. **Жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу** - Тапсырыс беруші сатып алу туралы ережеде көзделген ерекше жағдайларда тек бір жеткізушіге (орындаушыға, мердігерге) келісімшарт жасасуды ұсынатын немесе тек бір жеткізушінің (орындаушының, мердігердің) келісімшарт жасасу туралы ұсынысын қабылдайтын бәсекелестік шектеулі сатып алу әдісі.

2.7. **Баға белгілеуін сұрату** - бәсекелі сатып алу әдісі, бұнда өтінімі сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келетін және ең төмен келісімшарт бағасын немесе тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің ең төмен бағасын (жекелеген бағамен сатып алу кезінде) қамтитын сатып алу қатысушысы баға белгілеуін сұратудың жеңімпазы болып танылады.

2.8. **Ұсыныстар сұрату** - бәсекелі сатып алу әдісі, бұнда сатып алу туралы құжаттамада белгіленген критерийлерге сәйкес сатып алуға қатысу туралы өтінімі сатып алу туралы құжаттамадағы талаптарға толық сай келетін және көрсеткіштердің жиынтығы (сапа, мерзім, тәжірибе, орындау шарттары, баға) бойынша тауар жеткізудің, жұмыс орындаудың, қызмет көрсетудің ең үздік шарттарын қамтитын сатып алу қатысушысы ұсыныстар сұратудың жеңімпазы болып танылады.

2.9. **БІ-ге өтінім** - сатып алу қатысушысы сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген, сатып алу аясында (жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды қоспағанда) жүргізілетін біліктілік іріктеуінің талаптарына сәйкес дайындайтын және ұсынатын құжаттар жиынтығы, бұл құжаттар жиынтығы сатып алу қатысушысының біліктілік іріктеуіне және одан арғы сатып алуға сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көзделген шарттармен қатысуға келісімін растайды.

2.10. **Сатып алуға қатысуға өтінім** - сатып алу қатысушысы сатып алу туралы хабарламадағы, сатып алу туралы құжаттамадағы талаптарға сәйкес дайындайтын және ұсынатын құжаттар жиынтығы, бұл құжаттар жиынтығы сатып алуға қатысуға келісімді растайды және сатып алу мәніне қатысты келісімшарт жасасуға ұсынысты қамтиды.

2.11. **Шатырлық сатып алу -** бірнеше жеңімпаздармен келісімшарт жасауға себеп болатын сатып алу.

2.12. **Бірдей тауарлар, жұмыстар, қызметтер** - өзіндік негізгі белгілері бар тауарлар, жұмыстар, қызметтер: функционалдық, техникалық, сапалық белгілер, пайдалану сипаттамалары. Тауарлардың бірдейлігін анықтаған кезде сыртқы түріндегі болмашы айырмашылықтар есепке алынбауы мүмкін. Жұмыстардың бірдейлігін анықтаған кезде орындаушының, мердігердің біліктілігі, олардың нарықтағы іскерлік беделі ескерлуі мүмкін.

2.13. **Сатып алуды жүзеге туралы хабарлама** - Тапсырыс берушінің жеткізушіні (орындаушыны, мердігерді) таңдау жүргізуге ниетін білдіретін және белгілі бір шарттармен сатып алуға қатысуға шақыру болатын, және де сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын құжат.

2.14. **Біліктілік іріктеуі (БІ)** - сатып алу туралы құжаттаманың құрамына кіретін, БІ бағдарламасында (әдістемесінде) белгіленген талаптарға сай келетін қатысушылардың анықтау мақсатында сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді берген күнге дейін жүргізілетін сатып алу сатысы.

2.15. **Конкурс** – бәсекелі сатып алу, бұнда сатып алуға қатысу туралы өтінімі немесе ақырғы ұсынысы сатып алу туралы құжаттамада белгілеген талаптарға сай келетін, әрі өтінімі немесе ақырғы ұсынысы өтінімдерді (ақырғы ұсыныстарды) салыстыру нәтижелері бойынша сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген бағалау критерийлері негізінде келісімшарт орындаудың үздік шарттарын қамтитын сатып алу қатысушысы жеңімпаз болып танылады.

2.16. **Лот** - сатып алу туралы құжаттамада айқындалған әрі бір сатып алу шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесі.

2.17. **Біртекті тауарлар** – бірдей емес бола тұра, ұқсас сипаттары бар және ұқсас құрам бөліктерден тұратын тауарлар, соның арқасында олар бірдей функцияларды орындай алады және/немесе коммерциялық тұрғыдан бірін-бірі алмастыра алады. Тауарлардың біртектілігін анықтау кезінде олардың сапасы, нарықтағы беделі, шығарушы елі ескеріледі.

2.18. **Электрондық алаң операторы** - коммерциялық ұйым, электрондық алаңға ие, соның ішінде оның жұмыс істеуіне керекті жабдыққа және электрондық нысанда сатып алудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдарға ие заңды тұлға.

2.19. **Сатып алу жеңімпазы** - сатып алуды жүзеге асыру нәтижелері бойынша Тендерлік кеңес анықтаған сатып алу қатысушысы - жеткізуші (орындаушы, мердігер), оған келісімшарт жасасу құқығы беріледі.

2.20. **Нарықты талдау процедурасы** - сатып алу болып есептелмейтін және келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын негіздеу және/немесе техникалық және сапа сипаттамаларын растау үшін, соның ішінде нарықты талдау туралы және/немесе тауар жеткізуді, жұмыс орындауды, қызмет көрсетуді іске асыруға қабілетті, Тапсырыс берушінің қажеттіліктеріне сай келетін тұлғалар тобын анықтауға арналған құжаттамада көзделген шарттармен тауар жеткізу, жұмыс орындау, қызмет көрсетудің өзекті мерзімдерін белгілеу үшін жүргізілетін процедура.

2.21. **Бірлескен сатып алу** – «Каспийский Трубопроводный Консорциум-Р» акционерлік қоғамының және «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының мүддесі үшін, бұндай тұлғалардың бір типті сатып алуларын шоғырландыру (бір сатып алуға біріктіру) арқылы жүргізілетін біртұтас сатып алу, одан әрі сатып алу жеңімпазы қажетті тауар санына, жұмыс, қызмет көлеміне аталмыш заңды тұлғалардың әрқайсымен келісімшарт жасасады.

2.22. **Салғастырмалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер** - коммерциялық және/немесе қаржылық шарттар, яғни бұндай шарттардың айырмашылығы тиісті нәтижеге айтарлықтай әсер етпейтін немесе бұндай айырмашылықтарды аталмыш шарттарға тиісті түрде түзетулер қолдану арқылы ескеруге болатындай негізде жеткізілетін/орындалатын/көрсетілетін тауарлар, жұмыстар, қызметтер.

2.23. **Қосымша баға ұсыныстары процедурасы (сатып алуға қайта қатысу)** - сатып алудың қосымша кезеңі, оның барысында сатып алу қатысушылары белгіленген мерзім ішінде

баға ұсынысын жақсарта алады, соның ішінде сатып алуға қатысуға жіберілген қатысушылардың өтінімдерінде (сатып алу қатысушыларының қосымша баға ұсыныстарын салғастыру сәтінде қабылданғандар) көрсетілген келісімшарттың ең төмен бағасына қарағанда сатып алу қатысушысы белгіленген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға төмендетілген келісімшарттың жаңа бағасын біртіндеп ұсыну арқылы немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде - сатып алуға қатысуға жіберілген өтінімдерде (сатып алу қатысушыларының қосымша баға ұсыныстарын салғастыру сәтінде қабылданғандар) көрсетілген тауар, жұмыс, қызметтің ең төмен бағасына қарағанда сатып алу қатысушысы белгіленген баға төмендету қадамы шегіндегі шамаға пропорционал түрде төмендетілген тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің жаңа бағасын біртіндеп ұсыну арқылы жақсарта алады.

2.24. **Тендерлік кеңес** – сатып алу жүргізу нәтижелері бойынша жеткізушілерді (орындаушыларды, мердігерлерді) анықтау бойынша шешім қабылдайтын Тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі комиссиясы.

2.25. **Сатып алуға қатысушы(лар)** - ұйымдық-құқықтық нысанына, меншік нысанына, орналасқан жеріне және капиталдың құрылған жеріне қарамастан кез келген заңды тұлға немесе кез келген жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкер.

ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес **«келісімшарт (контракт)»** ұғымы екі немесе бірнеше тұлғаның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту және тоқтату туралы келісімді білдіреді.

## 3-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Тапсырыс беруші тауар, жұмыс, қызмет сатып алған кезде төмендегі қағидаттарды басшылыққа алады:

- сатып алу ақпаратының ашықтығы;
- тең құқықтық, әділдік, сатып алу қатысушыларына қатысты бәсекелестікті негізсіз шектеудің және кемсітудің жоқтығы;
- сапасына нұқсан келтірместен тауар, жұмыс, қызмет сатып алуға (қажет , болса, сатып алынатын өнімнің өмірлік циклінің , құнын ескеру) қаржыны мақсатты және экономикалық тұрғыдан тиімді жұмсау, сондай-ақ Тапсырыс берушінің шығасысын азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру;
- сатып алу қатысушыларына өлшенбейтін (негізсіз, тым жоғары) талаптар қою арқылы сатып алуға қатысуға жіберу шектеулерінің жоқтығы.

3.2. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада және/немесе сатып алу туралы құжаттамада көрсетілмеген талаптарды сатып алу қатысушыларына, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге, сондай-ақ келісімшартты орындау шарттарына қоюға және онда көрсетілмеген критерийлер бойынша және тәртіппен сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді бағалауға және салғастыруға рұқсат етілмейді. Тапсырыс беруші белгілеген сатып алу қатысушыларына, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге, сондай-ақ келісімшартты орындау шарттарына қойылатын талаптар, сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді бағалау және салғастыру критерийлері мен бағалау тәртібі сатып алудың барлық

қатысушыларына, олар ұсынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге, келісімшартты орындау шарттарына тең дәрежеде қолданылады.

3.3. Сатып алу туралы ереженің мақсатында күнмен көрсетілген мерзімнің ұзақтығы күнтізбелік күнмен есептеледі. Сатып алу туралы ережеде тікелей көрсетілген жағдайларда жекелеген мерзімдер жұмыс күнімен есептеледі.

3.4. Сатып алу туралы құжаттама, хаттамалар, хабарламалар және сатып алу процедурасының өзге де құжаттары мемлекеттік және орыс тілінде жарияланады. Қажет болғанда аталмыш құжаттардың ағылшын тіліндегі қосымша нұсқасын қамтамасыз етуге болады. Сатып алу нәтижелері бойынша жасалатын келісімшарттар, сондай-ақ оларға жасалатын қосымша келісімдер жазбаша түрде мемлекеттік және орыс тілінде рәсімделеді. Шетелдік жеткізушілермен (мердігерлермен, орындаушылармен) келісімшарт жасасу кезінде келісімшарт мемлекеттік тілде, қажет болғанда орыс тілінде және тараптар үшін қолайлы өзге тілде аударманың теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ете отырып рәсімделуі мүмкін. Әр тілдегі нұсқалар арасында қайшылықтар болған жағдайда келісімшартта көрсетілген нұсқа басымдыққа ие болады.

## 4-тарау. БАҒАНЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Бәсекелі сатып алу келісімшартының бастапқы (максимал) бағасын немесе жалғыз жеткізушімен (орындаушымен, мердігермен) жасалатын келісімшарттың бағасы, соның ішінде келісімшартты орындау барысында Тапсырыс беруші жеткізушіге (орындаушыға, мердігерге) төлеуге тиіс сомаларды есептеу қағидаларын белгілейтін бағаның формуласын анықтау тәртібі (бұдан әрі – Баға формуласы); тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің бастапқы (максимал) бағасы, келісімшарт бағасының ең жоғары мәні төмендегі әдістердің (тәсілдердің) біреуін я бірнешеуін қолдану арқылы анықталады және негізделеді:

- *нарық әдісі;*
- *әкімшілік (жобалық-сметалық) әдіс;*
- *шығынды әдіс;*
- *нормативтік әдіс;*
- *соңғы баға әдісі;*
- *ең төмен баға әдісі.*

4.2. Нарық әдісі (нарық бағаларын салғастыру әдісі (нарықты талдау әдісі)).

Нарық әдісі тиісті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бәсекелі нарық бар кезде қолданылады.

4.2.1. Нарық әдісін қолдану мақсатында әдетте өндірушілердің (дистрибьютерлердің, ресми дилерлердің, жеткізушілердің), орындаушылардың, мердігерлердің кемінде үш техникалық-коммерциялық ұсыныстары (ТКҰ) қолданылады. Орташа арифметикалық баға мына формуламен есептеледі:

**Баға $_{орт.арифм.}$ = (Баға$_1$+Баға$_2$+…+Баға$_N$)/N, (1), бұнда:**
Баға $_1$... Баға$_N$ – ТКҰ-да көрсетілген, ҚҚС-сыз бағалар;
N –ТКҰ саны.

Орташа арифметикалық бағадан азаю немесе арту жағына қарай 25 және одан көп процентке өзгеше бағалар бар жағдайда бұндай ауытқуы бар бағалар есептен шығарылады да,

орташа арифметикалық баға осы тармақтағы қағидалар бойынша жаңадан есептеледі. Қайта есептеу бұндай ауытқулар жоқ деген нәтижеге алынғанша бірнеше рет жүргізілуі мүмкін.

4.2.2. Тауар, жұмыс, қызмет бағасын орташа арифметикалық баға бойынша, орташа арифметикалық мәнге ең жақын баға бойынша немесе келіп түскен ТКҰ-лардағы ең төмен бағалар бойынша анықтауға болады.

4.2.3. Нарық әдісі қолданылған жағдайда тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің біртектілігі/бірдейлігі/салыстырмалылығы ескеріледі.

4.2.4. Нарық әдісін қолдану мақсатында үш ТКҰ алу мүмкін болмаған кезде өзгелермен қатар тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің нарықтағы бағалары туралы төмендегі ақпарат қолданылуы мүмкін:

- белгісіз тұлғалар тобына арналған жарнамада, каталогтарда, тауар сипаттамаларында және өзге ұсыныстарда көрсетілген өндірушілер/жеткізушілер (орындаушылар, мердігерлер) туралы ақпарат;
- биржадағы баға белгіленімдері туралы ақпарат;
- электрондық алаңдардағы баға белгіленімдері туралы ақпарат;
- ақпарат және баға агенттіктерінің ақпараты, нарық зерттеуінің көпшілікке қол жетімді нәтижелері, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша, соның ішінде келісімшарт негізінде жүргізілген нарық зерттеуінің нәтижелері, басқа да ақпарат көздері;
- Тапсырыс берушінің міндеттемелерді орындамауға немесе тиісті түрле орындамауға байланысты айыпақы (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алынбастан орындалған келісімшарттарында қамтылған тауар, жұмыс, қызмет бағалары туралы ақпарат;
- Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес уәкілетті органдардың ресми ақпарат көздерінде және шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың ресми ақпарат көздерінде немесе өзге көпшілікке қол жетімді көздерде көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бағалары туралы ақпарат (соның ішінде тауар, жұмыс, қызмет бағалары туралы мемлекеттік статистикалық есептердегі деректер);
- бағалау объектісінің Қазақстан Республикасының бағалау қызметін реттеуші заңнамасына сәйкес белгіленген құны туралы ақпарат;
- бағалар туралы ресми ақпаратты қамтитын дерекқорлардан және баға алаңдарынан алынған ақпарат;
- Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша сатып алынады деп жоспарланған бірдей тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді немесе олар жоқ болса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізетін жеткізушілерден (орындаушылардан, мердігерлерден) алынған тауар, жұмыс, қызмет бағалары туралы ақпарат;
- Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасында көзделген сатып алу саласындағы ақпарат жүйелерінен алынған тауар, жұмыс, қызмет бағалары туралы ақпарат.

4.2.5. Нарық әдісін қолдану мақсатында Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен, соның ішінде нарықты талдау процедурасы арқылы электрондық алаңда және/немесе Тапсырыс берушінің ресми сайтында және/немесе көпшілікке қол жетімді өзге де ақпарат көздерінде тауар, жұмыс, қызмет бойынша ТКҰ-ларға жария сұратуларды жариялау нәтижесінде алынған ақпарат пайдаланылуы мүмкін.

4.3. *Әкімшілік (жобалық-сметалық) әдіс.*

Әкімшілік әдіс (жобалық-сметалық әдіс, тарифтік әдіс) мемлекеттік органдардың немесе ҚҚК-ның уәкілетті тұлғаларының бағалардың қандай да бір деңгейі немесе шектері жөніндегі директивалық өкімдеріне негізделеді. Бағаны қалыптастырудың әкімшілік әдісіне төмендегі негіздегі құн есептеулері жатады:

- сметалық нормативтер (Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын мемлекеттік құрылыс нормалары, сметалық-нормативтік базалар, базалық бағалар жинағы т.б.);
- тарифтерді мемлекеттік реттеу саласында белгіленген тарифтер және т.б.;
- жұмыс жобасы сметасының сараптамасы;
- ҚҚК белгілейтін бағалар.

Баға қалыптастырудың әкімшілік әдісі сметалық-нормативтік базаны қолдана отырып сметаларды жасау арқылы құрылыс-монтаждау және жобалау-іздестіру жұмыстарының бағаларын анықтау кезінде қолданылады (жекелеген жағдайларда - қолданыстағы сметалық-нормативтік базада бағалар бар болса, өзге де жұмыстар мен қызметтердің бағаларын анықтау үшін).

4.4. *Шығынды әдіс*.

Шығынды әдіс өзге әдістерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда немесе өзге әдістерге қосымша ретінде қолданылады. Есепте жұмсалған шығындардың және белгілі бір қызмет саласына қалыпты пайданың сомалары ескеріледі. Бұл ретте осы іспеттес жағдайлардағы қалыпты өндіріске немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға және/немесе өткізуге жұмсалатын тікелей және жанама шығындар, тасымалдау, сақтау, сақтандыру шығындары және басқа да шығындар ескеріледі.

Белгілі бір қызмет саласы үшін қалыпты пайда туралы ақпарат көпшілікке қол жетімді ақпарат көздерінде жарияланған келісімшарттардың талдауынан, соның ішінде ақпарат және баға агенттіктерінен, нарық талдауының көпшілікке қол жетімді нәтижелерінен, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бастамасымен жүргізілген нарықты зерттеу нәтижелерінен алынуы мүмкін.

4.5. *Нормативтік әдіс.*

Нормативтік әдіс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тапсырыс берушінің нормативтік және өкімгерлік құжаттарына сәйкес анықталатын тауарлардың, жұмыстарды, қызметтердің шекті бағалары мәніне негізделеді.

4.6. *Соңғы баға әдісі.*

Тауар, қызмет сатып алу кезінде соңғы баға әдісін қолдану мақсатында осыған дейін бірдеу тауарларды, қызметтерді сатып алу кезінде мақұлданған келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасы қолданылады.

4.6.1. Алдыңғы сатып алу процедурасы барысында бірдей тауарлардың, қызметтердің мақұлданған бастапқы (максимал) бағасына қарағанда құнды азайту кезінде тауарлардың, қызметтердің бағасы алдыңғы сатып алудың бастапқы (максимал) бағасын мақсатты кезеңге және жеткізу, қызметке көрсету өңіріне сәйкестендіру арқылы есептеледі.

4.7. *Ең төмен баға әдісі.*

Тауарларды сатып алу кезінде ең төмен баға әдісін қолдану мақсатында сатып алынатын тауарлар бағасы нарық бағаларын мақсатты кезеңге және жеткізу өңіріне сәйкестендіру

нәтижелері бойынша есептелген минимал бағаға теңдестіріліп қабылданады. Нарық бағалары жөнінде дереккөздері төмендегілер болуы мүмкін:

- сұрату бойынша өндірушілерден немесе олардың ресми өкілдерінен (дистрибьюторлардан, дилерлерден) келіп түскен прайс-листтер және/немесе ТКҰ;
- сұрату бойынша прайс-лист және / немесе ТКҰ алу мүмкін емес я орынды емес болған жағдайда ашық ақпарат көздерінен алынған (өндірушілердің немесе олардың ресми өкілдерінің (дистрибьюторларының, дилерлерінің) интернет-ресурстары), соның ішінде прайс-лист үлгісіндегі бағалар;
- тауар бағасын нақты анықтауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттар, соның ішінде өндірушілерден немесе олардың өкілдерінен (дистрибьюторларынан, дилерлерінен) келіп түскен хаттар.

4.8. Егер келісімшарт жасасу кезінде тауар жеткізу, жұмыс орындау, қызмет көрсету көлемін анықтау мүмкін емес болса, келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасының, жалғыз жеткізушімен жасалатын келісімшарт бағасының орнына тауар бірлігінің бағасы (тауар бірліктері бағасының сомасы), жұмыс немесе қызмет бірлігінің бағасы (жұмыс немесе қызмет бірліктерінің бағасы сомасы), сондай-ақ келісімшарт бағасының максимал мәні көрсетіледі.

4.9. Келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын, жалғыз жеткізушімен жасалатын келісімшарт бағасын, соның ішінде баға формуласын анықтау тәртібін; тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің бастапқы (максимал) бағаларын, келісімшарт бағасының максимал мәнін анықтау және негіздеу кезінде жеткізу мерзімдеріне, тауар жеткізудің, жұмыс орындаудың, қызмет көрсетудің коммерциялық және/немесе қаржылық шарттарына; шикізат, материалдар мен құрамбөліктер құнының өзгеруіне; валюта бағамдарының өзгеруіне қатысты Тапсырыс беруші бекіткен нормативтік құжаттарды (егер бар болса) ескере отырып, коэффициенттер, индекстер және өзге де түзетулер қолданылуы мүмкін.

## 5-тарау. САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

5.1. Сатып алу бәсекелі немесе бәсекелестік шектеулі (жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) әдіспен, Сатып алу туралы ережеде белгіленген тәртіппен және шарттармен жүргізілуі мүмкін.

5.2. Сатып алуды жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші сатып алу туралы құжаттаманы әзірлейді және бекітеді (бағала белгілеулерін электрондық түрде сұрату, жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу жағдайларын қоспағанда), бұл құжаттама ККК-ның ресми сайтында және электрондық сауда алаңында (ЭСА) жарияланады, оған қоса сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жүреді, және де онда Сатып алу туралы ережеде көзделген деректер, сондай-ақ қажет болса, өзге де деректер қамтылады.

5.3. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болады. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламадағы мәліметтер сатып алу туралы құжаттамадағы, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның қосымшаларындағы мәліметтерге сәйкес болуы керек.

5.4. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама, сатып алу туралы құжаттама төмендегі мәліметтерді қамтуы мүмкін:

- *сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;*
- *Тапсырыс берушінің атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефон нөмірі;*
- *келісімшарттың мәні, оған қоса жеткізілетін тауар саны, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет көлемі, сондай-ақ сатып алу мәнінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;*
- *тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету орны;*
- *келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасы туралы мәліметтер, немесе баға формуласы және келісімшарт бағасының максимал мәні, немесе тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің бағасы және келісімшарт бағасының максимал мәні Тапсырыс беруші сатып алуды жариялау кезінде бұндай бағаны көрсету туралы шешім қабылдаған жағдайда);*
- *тәртіп, басталу күні, сатып алуға қатысу туралы өтінімді тапсыру мерзімі аяқталатын күні және уақыты (бәсекелі сатып алу кезеңдері) және сатып алу қорытындыларын шығару тәртібі (сатып алу кезеңдері);*
- *«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желідегі электрондық алаң мекенжайы (сатып алуды электрондық түрде жүзеге асыру кезінде);*
- *сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету талаптары белгіленген жағдайда сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету мөлшері, оны ұсыну тәртібі және мерзімі;*
- *келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері, оны ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ орындалуы қамтамасыз етілетін негізгі міндеттеме (келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету талабы белгіленген жағдайда), және де оны орындау мерзімі;*
- *тауардың, жұмыстың, қызметтің қауіпсіздігіне, сапасына, техникалық сипаттамаларға, функционалдық сипаттамаларына (тұтыну ерекшеліктері), тауар өлшеміне, қаптамасына, жөнелтуіне, жұмыс нәтижелеріне қойылатын, Тапсырыс беруші тарапынан белгілеген талаптар;*
- *сатып алуға қатысу туралы өтінім мазмұнына, нысанына, рәсімдеуіне және құрамына қойылатын талаптар;*
- *сатып алу қатысушысы сатып алу мәні болып табылатын, жеткізілетін тауарды сипаттауына, оның функционалдық сипаттамаларына (тұтыну ерекшеліктеріне), оның сандық және сапалық сипаттамаларына қойылатын талаптар, сатып алу қатысушыларының сатып алу мәні болып табылатын, орындалатын жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сипаттауына, оларың сандық және сапалық сипаттамаларына қойылатын талаптар;*
- *тауар, жұмыс, қызмет үшін төлем жасау нысаны, мерзімдері және тәртібі;*
- *сатып алу қатысушыларына және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерге, бірлесе орындаушыларға және (немесе) сатып алу мәні болып табылатын тауар өндірушілеріне қойылатын талаптар, және де сатып алу қатысушылары өздерінің көрсетілген талаптарға сай келетінін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі;*
- *сатып алу қатысушылары сатып алу туралы құжаттама ережелері бойынша түсіндірме беру нысандары, тәртібі, мерзімі аяқталатын күн мен уақыты;*
- *сатып алу қатысушыларының ұсыныстарын қарау күні және сатып қорытындыларын шығару;*

- *сатып алуға қатысу туралы өтінімдерін бағалау және салғастыру критерийлері;*
- *сатып алуға қатысу туралы өтінімдерін бағалау және салғастыру тәртібі;*
- *Тапсырыс берушінің жабдықтарымен, жүйелерімен үйлесімділігін тестілеу (тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізу) үшін тауардың қажеттілігі және ұсыну тәртібі туралы мәліметтер;*
- *сатып алу жеңімпазы болып танылған сатып алу қатысушысын оның орналасқан жеріне барып, сатып алуға қатысу туралы өтінімімен бірге ұсынған құжаттар мен мәліметтердің нақтылығын анықтау үшін тексеріс жүргізу шарттары туралы мәліметтер;*
- *жүзеге асырылып жатқан сатып алу туралы өзге де мәліметтер.*

5.5. Тапсырыс беруші сатып алудың тиімділігін арттыру мақсатында әртүрлі Тапсырыс берушілердің («КТК-Р» АҚ және «ККК-Қ» АҚ) бір типті сатып алуларын шоғырландырып, бір лотпен бірлескен сатып алу жүргізіп, одан әрі жеңімпазбен бірнеше келісімшарт жасасуға құқылы. Егер сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада немесе сатып алу туралы құжаттамада көзделген болса, бірлескен сатып алудың жеңімпазы бірнеше Тапсырыс берушімен бір келісімшарт жасасуы мүмкін.

5.6. Тапсырыс беруші сатып алудың тиімділігін арттыру мақсатында шатырлық сатып алу жүргізуге құқылы, оның қорытындысы бойынша сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада немесе сатып алу туралы құжаттамада белгіленген тәртіппен және жағдайларда, соның ішінде бір лотпен төмендегі механизмдердің бірін қолдану арқылы бұндай сатып алудың бірнеше қатысушысымен арада келісімшарттар жасалады:

- Бірнеше жеңімпазды таңдау, бұндағы мақсат Тапсырыс берушінің немесе бірнеше Тапсырыс берушінің қажеттілігінің жалпы көлемін олардың арасында бөлу;
- жекелеген бағамен сатып алу жағдайында жеңімпаздың әрқайсысымен келісімшарт бағасының максимал мәнімен келісімшарт жасасу мақсатында бірнеше жеңімпаз таңдау;

5.7. Бәсекелі сатып алу жүргізудің негізгі нысаны - электрондық. Электрондық нысандағы сатып алулар электрондық алаңда жүргізіледі, оның операторымен тиісті келісім (келісімшарт) жасалған болуы керек. Электрондық нысандағы сатып алу Сатып алу жөніндегі ережеде, сондай-ақ электрондық алаңда қолданылатын регламенттерде, қағидаларда, және де Тапсырыс беруші мен электрондық алаң операторымен арада жасалған келісімдерде көзделген тәртіппен және кезеңдер реттілігін сақтай отырып жүзеге асырылады. Электрондық алаңның қызметі электрондық алаңда қолданылатын регламенттерге, қағидаларға немесе басқа да құжаттарға сәйкес іске асырылады. Ерекше жағдайларда Тендерлік кеңестің шешімі бойынша бәсекелі сатып алу электрондық нысанда жүргізілмеуі мүмкін.

5.8. Сатып алу қатысушыларының біліктілік іріктеуі.

5.8.1. Тапсырыс беруші бәсекелі сатып алу шеңберінде сатып алу қатысушыларының БІ-сін ұйымдастыруға және жүргізуге құқылы. Сатып алуға қатысушылардың бәріне сатып алу туралы құжаттама құрамына кіретін БІ бағдарламасында (әдістемесінде) белгіленген талаптар қойылады. БІ жүргізу кезінде БІ бағдарламасы (әдістемесі) сатып алу қатысушыларына қойылатын талаптарды, оған қоса сатып алу қатысушысы БІ аясында аталмыш талаптарға сай

келетінін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі, сондай-ақ БІ жүргізудің өзге де шарттарын қамтуы керек.

5.8.2. БІ жүргізу аяқталатын күнге дейін БІ өтінімінің біліктілік талаптарына сәйкестігі тексеріледі, сатып алу қатысушысына сатып алуға қатысу туралы өтінімді тапсыру басталатын күнге дейін БІ қорытындылары туралы хабарланады.

5.8.3. Сатып алуға қатысушылардың талаптарға сай келмейтін өтінімдері БІ жүргізу барысында қабылданбайды. БІ қорытындыларын Тендерлік кеңес бекітеді, бұл Тендерлік кеңес отырысының хаттамасында көрсетіледі.

5.9. Тапсырыс беруші сатып алу қатысушыларының өтінімдеріне қолжетімділік ашылғанға дейін, қажет болған жағдайда сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға, сатып алу туралы құжаттамаға өзгерістер енгізеді. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға, сатып алу туралы құжаттамаға өзгерістер енгізген жағдайда сатып алуға қатысу туралы өтінімді тапсыру мерзімі аталмыш өзгерістерді ҚҚК/ЭСА ресми сайтында жарияланған күннен бастап бұндай сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін Сатып алу туралы ережеде бұндай сатып алу әдісі үшін белгіленген сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді тапсырудың ең аз мерзімінің жартысынан кем емес уақыт қалатындай түрде ұзартылуға тиіс, ал сатып алу туралы құжаттаманың техникалық бөлігіне елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда өтінімдерді беру мерзімі атып алу туралы ережеде бұндай сатып алу әдісі үшін белгіленген сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді тапсырудың ең аз мерзіміне ұзартылады.

5.10. Тапсырыс беруші сатып алу туралы құжаттамаға, сатып алу туралы хабарламаға өзгеріс енгізбестен, сатып алу қатысушыларының өтінімдеріне қолжетімділік ашылғаннан кейін, сатып алу туралы хабарламада көрсетілген сатып алудың қорытындыларын шығару күніне дейін сатып алудың аяқталмаған кезеңін бастау және/немесе аяқтау күнін өзгертуге құқылы. Сатып алудың аяқталмаған кезеңінің күнін, қорытынды шығару күнін және/немесе сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді қарау күнін өзгерту туралы ақпарат Тендерлік кеңес отырысының хаттамасында көрсетіледі.

5.11. *Сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету.*

5.11.1. Сатып алуды жүзеге асырғанда Тапсырыс беруші сатып алуға қатысушының сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз етуі туралы талапты белгілеуге құқылы.

5.11.2. Сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз етуді сатып алу қатысушысы Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көздеген тәсілдермен, соның ішінде ақшалай қаражатты салу, тәуелсіз кепілдік ұсыну арқылы ұсына алады. Сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз ету тәсілін сатып алу қатысушысы Тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттама қарастырғандары арасынан таңдайды.

5.12. *Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету.*

5.12.1. Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету банк берген, сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келетін тәуелсіз кепілдік ұсыну арқылы, сондай-ақ Тапсырыс беруші көрсеткен шотқа қаражат салу немесе сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын келісімшарт жобасында көзделген өзге де тәсілдер арқылы іске асырылады.

5.12.2. Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері және тәртібі сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада және/немесе сатып алу туралы құжаттамада, сондай-ақ сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын келісімшарт жобасында белгіленеді.

5.13. *Демпингке қарсы шаралар.*

5.13.1. Тапсырыс беруші келісімшарт бағасының, сатып алу қатысушының өтінімінде көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бірлігі бағасының (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде) негізділігіне және орташа нарықтық деңгейге сәйкестігіне бақылау жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында сатып алу туралы құжаттама демпингке қарсы шараларды қарастыруға құқылы.

5.13.2. Егер сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада Тапсырыс беруші демпингке қарсы шараларды белгілеген болса, және де келісімшарт жасалатын сатып алу қатысушысы ұсынған келісімшарт бағасы, тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің бағасы (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде) келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасынан, тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің бастапқы (максимал) бағасынан (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде) жиырма бес және одан көп процентке төмен болса, онда келісімшарт бұндай сатып алу қатысушысының келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуді келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасының он бес проценті, бұл ретте аванс мөлшерінен (егер келісімшартта аванс төлеу көзделген болса) кем болмайтын мөлшерде ұсынғаннан кейін ғана жасалады.

5.13.3. Сатып алу туралы ереженің 5.13.2-тармағына сәйкес арттырылған мөлшердегі қамтамасыз етуді сатып алу жеңімпазы сатып алу нәтижелері бойынша келісімшарт жасасқанға дейін, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада немесе келісімшарт жобасында көрсетілген мерзімде ұсынады.

5.14. Тапсырыс беруші мен сатып алу қатысушылары арасындағы бүкіл хат-хабар электрондық алаң арқылы берілетін электрондық құжаттар көмегімен жүзеге асырылады.

5.15. Электрондық алаң функционалын қолдана отырып құжаттарды беруге техникалық мүмкіншілік жоқ болған жағдайда немесе сатып алу электрондық түрде жүргізілмеген жағдайда хаттар ресми бланкілерде жасалады, оған уәкілетті тұлғалар қол қояды және олар қолма-қол, пошталық жөнелтім әдісімен, сканерленген түрде электрондық пошта арқылы, сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген тәртіппен және үлгіде беріледі

5.16. *Тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның, сатып алу туралы құжаттаманың ережелерін түсіндіруі.*

5.16.1. Сатып алу қатысушысы қажет болған жағдайда электрондық алаң функционалының көмегімен Тапсырыс берушіге сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның, сатып алу туралы құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беруге сұратуды жолдайды. Бұл ретте сатып алу қатысушысы бір сатып алуға қатысты сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның, сатып алу туралы құжаттаманың ережелерін түсіндірме беру туралы ең көбі екі сұрату (бір сұрату құрамындағы сұрақтар санын шектемей) жолдай алады, ал Тапсырыс беруші үшінші және одан кейінгі сұратуларға түсіндірме бермеуге құқылы.

5.16.2. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның, сатып алу туралы құжаттаманың ережелеріне түсіндірме беру сұратуы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші тиісті түсіндірме жұмысын жүргізеді және түсіндірмені электрондық алаңда жариялайды, онда сұрату тақырыбын көрсетеді, алайда тиісті сұратуды жіберген сатып алу қатысушысын көрсетпейді. Түсіндірмелер сатып алу мәнін және келісімшарт жобасының маңызды шарттарын өзгертпеуі керек. Бұл ретте Тапсырыс беруші бұндай сұрату тиісті сатып алуға қатысу туралы өтінімді беру мерзімі аяқталатын күнге дейін үш жұмыс күнінен аз уақыт қалғанда келіп түскен болса, түсіндірме беруге міндетті емес.

5.17. Сатып алу қатысушыларының *сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді беру тәртібі.*

5.17.1. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдер сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген сатып алуға қатысу туралы өтінімнің мазмұнына, рәсімделуіне және құрамына қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылады. Баға белгілеуін сұрату шеңберінде қатысу өтінімін электрондық түрде беру тәртібі және өтінім нысаны сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада белгіленеді.

5.17.2. Сатып алу қатысушысы сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жарияланған сәттен бастап сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көзделген сатып алуға қатысу туралы өтінімді беру мерзімінің аяқталу күні мен уақытына дейін кез келген уақытта сатып алудағы (лоттағы) әрбір бұйымға қатысты сатып алуға қатысу туралы бір өтінімді беруге құқылы. Сатып алуға қатысушының бірі сатып алуға қатысу туралы екі немесе одан көп өтінім бергені анықталса, бұндай қатысушының өтінімдері қаралмайды.

5.17.3. Сатып алу қатысушысы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін сатып алуға қатысу туралы берген өтінімін қайтаруға немесе өзгертуге құқылы. Сатып алуға қатысу туралы өтінім беру мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріс электрондық алаң функционалы арқылы енгізілсе немесе Тапсырыс беруші, электрондық алаң операторы өтінімді қайтару туралы хабарламаны алса, сатып алуға қатысу туралы өтінім өзгертілген немесе қайтарылған болып есептеледі.

5.17.4. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді қабылдау сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада белгіленген өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күні мен уақыты келгенде тоқтатылады. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күннен және уақыттан кейін келіп түскен сатып алуға қатысу туралы өтінімдер қаралмайды.

5.17.5. сатып алу туралы құжаттамада белгіленген өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күн және уақыт келгеннен кейін сатып алуға қатысу туралы өтінім құрамында ұсынылған баға ұсынысын сатып алуға қайта қатысу процедурасы аясында өзгертуге жол беріледі.

5.17.6. Электрондық түрде жүргізілмейтін сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді беру, өзгерту, қайтару тәртібі сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада белгіленеді.

5.18. *Сатып алудан бас тарту. Өтінімдерді беру мерзімін ұзарту. Сатып алуды өткізілмеген деп тану.*

5.18.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта келісімшарт жасасқанға дейін сатып алудан бас тартуға құқылы.

5.18.2. Сатып алудан бас тарту туралы шешім ЭСА-да тиісті шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде жарияланады.

5.18.3. Тапсырыс беруші өтінімдерді беру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға енгізілетін өзгерістер электрондық алаңда жарияланады.

5.18.4. Сатып алу төмендегідей жағдайларда өткізілмеген болып танылады:

- *сатып алуға қатысу туралы бірде бір өтінім берілмесе;*
- *сатып алуды жүргізу нәтижелері бойынша барлық сатып алуға қатысу туралы өтінімдер қабылданбаса;*
- *сатып алуға қатысуға тек бір өтінім берілсе;*
- *сатып алуға қатысу туралы бір өтінімнен басқасының бәрі қабылданбаса;*
- *сатып алуды жүргізу нәтижелері бойынша келісімшарт жасасудан сатып алуға қатысушылардың бәрі бұлтарса.*

5.18.5. Сатып алуды өткізілмеген деп тану туралы шешім Тендерлік кеңес отырысының хаттамасында көрсетіледі.

5.19. *Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерге қолжетімділікті ашу.*

5.19.1. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген күні және уақытта электрондық алаң Тапсырыс берушіге сатып алуға қатысуға берілген өтінімдерге қолжетімділікті ашады.

5.19.2. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерге қолжетімділікті ашу Тендерлік кеңестің хаттамасымен рәсімделуі мүмкін.

5.20. Сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүзеге асыру тәртібі.

5.20.1. Тапсырыс беруші сатып алуға қайта қатысу процедурасын сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген мерзімде жүзеге асырады. Максималды экономикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатында Тапсырыс беруші сатып алуға қайта қатысу процедурасын сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген уақыттан тыс өткізу туралы, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада бұндай процедураны жүзеге асыру туралы нұсқау болмаған кезде сатып алуға қайта қатысу туралы процедураны тағайындау туралы, сондай-ақ сатып алуға қайта қатысу процедурасын қайта жүзеге асыру туралы (соның ішінде Сатып алу туралы ережеде, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көзделген негіздер бойынша немесе бұндай тұлғаның сатып алу нәтижелері бойынша келісімшарт жасасудан бұлтарса, сатып алу қорытындыларын шығарғаннан кейін және келісімшарт жасағанға дейін сатып алу жеңімпазы деп танылған сатып алу қатысушысының өтінімін қабылдамау жағдайында) шешімді қабылдай алады. Қабылданған шешім Тендерлік кеңестің хаттамасымен рәсімделеді де, ЭСА-да жарияланады.

5.20.2. Тапсырыс беруші сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүзеге асыру мақсатында бағаны төмендетудің максималды және минималды қадамын белгілейді.

5.20.3. Сатып алуға қайта қатысу процедурасына осы процедураны жүзеге асыру сәтіне дейін өтінімдері қабылданған сатып алу қатысушылары жіберіледі. Сатып алу қортындылары шығарылғаннан кейін сатып алуға қайта қатысу процедурасын қайта жүзеге асырған кезде

сатып алу қорытындылары бойынша келісімшарт жасасудан бұлтарған сатып алу қатысушысы процедураға қатыстырылмайды, бұндай қатысушының сатып алуға қатысу туралы өтінімінде көрсетілген баға ұсынысы немесе бұған дейін өткізілген сатып алуға қайта қатысу процедурасы аясында тапсырған баға ұсынысы процедураның бастапқы бағасын анықтауда есепке алынбайды.

5.20.4. Егер сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада және/немесе электрондық сауда алаңының қағидалары мен регламенттерінде басқаша көзделмесе, сатып алу қатысушыларының сатып алуға қайта қатысу процедурасы келесідей жолмен жүзеге асырылады:

- сатып алуға қатысуға жіберілген (қабылданған) өтінімдерде (соның ішінде өткізілген сатып алуға қайта қатысу процедурасы барысындағы) көрсетілген келісімшарттың ең төмен бағасына (лоттың бағасына) қарағанда сатып алу қатысушысы белгіленген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға төмендетілген келісімшарттың жаңа бағасын (лоттың бағасын) біртіндеп ұсыну арқылы; немесе,
- сатып алуға қатысуға жіберілген (қабылданған) өтінімдерде (соның ішінде өткізілген сатып алуға қайта қатысу процедурасы барысындағы) көрсетілген тауар, жұмыс, қызметтің ең төмен бағасына қарағанда сатып алу қатысушысы белгіленген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға пропорционал түрде төмендетілген тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің жаңа бағасын біртіндеп ұсыну арқылы; немесе,
- сатып алу аукцион әдісімен жүргізілген жағдайда өтінімі сатып алуға қатысуға жіберілген (қабылданған) сатып алу қатысушысы лоттың бастапқы (максимал) бағасына немесе тауар, жұмыс, қызметтің бастапқы бағасына (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде) қарағанда белгіленген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға төмендетілген келісімшарттың жаңа бағасын (лоттың бағасын), белгіленген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға пропорционал түрде төмендетілген тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің жаңа бағасын (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жекелеген бағамен сатып алу кезінде) біртіндеп ұсыну арқылы.

5.20.5. Сатып алу қатысушылары қосымша баға ұсыныстарын электрондық алаң функционалы арқылы береді.

5.20.6. Сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүзеге асырғаннан кейін Тапсырыс беруші өз бетімен, соның ішінде электрондық алаңның бағдарламалық-аппараттық құралдары көмегімен сатып алу қатысушысының өтінімінде көрсетілген тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің бағасын келісімшарт бағасы мәніне пропорционал түрде төмендетілген мәндеріне немесе сатып алу қатысушысы сатып алуға қайта қатысу процедурасы барысында ұсынған пайыздық шегеріміне келтіруге құқылы.

5.20.7. Тауар, жұмыс, қызмет бірліктері бағаларын пропорционал түрде төмендету нәтижесінде бұндай бірліктер бағасының сомасы математикалық дөңгелектеуге байланысты себептермен сатып алуға қайта қатысу процедурасы барысында сатып алу қатысушысы ұсынған келісімшарт бағасынан жоғары немесе төмен ауытқитын болса, Тапсырыс беруші тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің жекелеген бағаларының сомасын сатып алуға қайта қатысу процедурасы барысында сатып алу қатысушысы ұсынған келісімшарт бағасының мәніне сәйкестендіруге мүмкіндік беретін шекте арттыра немесе азайта алады.

5.20.8. Сатып алу туралы құжаттамада тікелей көрсетілсе, сатып алу қатысушысына сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүзеге асыру нәтижелері бойынша түзетілген тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің бағаларын ұсыну міндеті жүктелуі мүмкін.

5.20.9. Қатысушылардың сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүргізген жағдайда сатып алу қатысушыларының ешбірі Тапсырыс беруші белгілеген бағаны төмендету қадамы шегіндегі шамаға бағаны төмендетуді ұсынбаса, онда сатып алудың барлық қатысушыларында сатып алуға қайта қатысу процедурасын жүзеге асырғанға дейінгі сатып алуға қатысу туралы өтінімде көрсетілген келісімшарт бағасы (лот бағасы) сақталады.

5.21. *Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді қарау. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерін бағалау және салғастыру.* Сатып алу жеңімпазын таңдау.

5.21.1. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерге қолжетімділік ашылғаннан кейін Тапсырыс беруші Сатып алу туралы ережеде, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада және сатып алу туралы құжаттамада белгіленген кезеңдер реттілігімен, тәртіппен және шарттарға сәйкес келіп түскен өтінімдерді қарайды.

5.21.2. Өтінімдерді қарау барысында Тапсырыс беруші сатып алуға қатысу туралы өтінімдерде анықталған формалды және (немесе) техникалық кемшіліктерді, қайшылықтар мен дәлсіздіктерді жою мақсатында, сондай-ақ жүргізілетін сатып алу қатысушылары тобын кеңейту, сатып алу қатысушыларына негізсіз артықшылық беруге немесе олардың құқықтары мен заңды мүдделерін шек қоюға жол бермеу қағидаты негізінде сатып алу қатысушылары үшін жүргізілетін сатып алуға қатысудың тең жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында сатып алу қатысушыларына ұсынылған өтінімдерге қатысты түсіндірме беру сұратуларын жіберуге құқылы.

Формалды және (немесе) техникалық сәйкессіздіктерге байланысты ерекше жағдайларда ғана түсіндірме сұратуға рұқсат етіледі және бұл бағаны, сатып алу мәнін, техникалық шешімді, өтінімді орындау мерзімін немесе өтінімнің бағасына әсер ететін маңызды шарттарды өзгерте алмайды. Барлық жолданған сұратулар және алынған жауаптар тіркеліп, сатып алу материалдарында сақталуға тиіс.

5.21.3. Тапсырыс беруші сатып алу қатысушысы сатып алуға қатысу туралы өтінім құрамында ұсынған сатып алу қатысушысының, оның ұсынған тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің сатып алу туралы құжаттамадағы талаптарға сәйкестігін растаушы құжаттар мен мәліметтердің нақтылығын тексеруге құқылы, атап айтқанда заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен, соның ішінде кез келген ресми көздерден, оның ішінде «Интернет» желісіндегі көздерден тиісті ақпарат алу, сондай-ақ қажетті ақпаратқа ие кез келген заңды және жеке тұлғаларға сұрату жолдау арқылы тексеріс жүргізеді.

5.21.4. Сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді қарау аясында Тендерлік кеңес өтінімдерді сатып алуға қатысуға қабылдау немесе бұндай өтінімдерді сатып алуға қатысуға қабылдамау туралы шешімді қабылдайды.

5.21.5. Тендерлік кеңес кез келген төмендегі жағдайларда сатып алуға қатысу туралы өтінімді сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, келісімшарт жасасқанға дейін қабылдамай тастауға уәкілетті:

- *сатып алуға қатысу туралы өтінімде және/немесе электрондық алаңда көрсетілген келісімшарт бағасы (лото бағасы) сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасынан асатын болса;*
- *сатып алу қатысушысы және/немесе ол сатып алуға қатысу туралы өтінімі сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келмесе;*
- *қатысушы ұсынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер және/немесе келісімшарт ережелері сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келмесе;*
- *сатып алуға қатысу туралы өтінімдегі сатып алу қатысушысының, оның ұсынған тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің, келісімшарт ережелерінің сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келуіне қатысты ақпараттың жалған екені анықталса;*
- *сатып алу қатысушысы - заңды тұлға сатып алу сатып алу нәтижелері бойынша жасалатын мәмілені мақұлдау жөніндегі құжаттарды ұсынбаса, ал бұндай мақұлдау Қазақстан Республикасының заңнамасына, сатып алу қатысушысының құрылтай құжаттарына сәйкес қажет болса;*
- *сатып алу қатысушысының сатып алу жеңімпазы болып танылғаннан кейін белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада ұсынылуы көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса, бұған аталмыш құжаттар мен мәліметтердің ұсынылмауы сатып алу қатысушысын келісімшарт жасасудан бұлтарған деп тануға негіз болатын жағдайларға жатпайды.*

5.21.6. Тендерлік кеңес өтінімді сатып алуға қатысуға жіберу туралы қабылдаған шешімі Сатып алу туралы ережеде көзделген негіздер бар болса, сатып алудың кез келген сатысында, келісімшарт жасасқанға дейін сатып алуға қатысу туралы өтінімді қабылдамай тастауға кедергі келтірмейді.

5.21.7. Қандай да бір сатып алуға қатысу туралы өтінім Сатып алу туралы ережеде көзделген кез келген негіз бойынша қабылданбай қалған жағдайда өзге негіздер бойынша қабылданбай қалмаған сатып алуға қатысу туралы барлық өтінімдерге қатысты бұндай негіздің бар-жоқтығы тексерілуі керек.

5.21.8. Сатып алуға қатысу туралы өтінімді қабылдау немесе сатып алуға қатысу турал өтінімді қабылдамау тастау туралы шешім Тендерлік кеңес отырысының хаттамасында және/немесе Тендерлік кеңесі отырысының қорытынды хаттамасында көрсетіледі.

5.21.9. Тендерлік кеңес сатып алу туралы құжаттамасында көрсетілген тәртіппен және шарттармен сатып алу жеңімпазын, сондай-ақ жеңімпаздың өтінімінен кейін ең үздік деп танылған өтінімді берген сатып алу қатысушысын анықтайды.

5.21.10. Сатып алу жеңімпазы болып өтінімі сатып алу туралы құжаттамада белгіленген техникалық және коммерциялық талаптарға сай келетін және сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға, сатып алу туралы құжаттамаға сәйкес анықталатын келісімшартты орындаудың ең үздік шарттарын ұсынған қатысушы танылады, бұнда тиісті сатып алуды жүзеге асыру әдісі

ескеріледі. Жеңімпаздың өтінімінен кейін ең үздік деп танылған өтінімді берген сатып алу қатысушысы болып сатып салу жеңімпазының ұсынысынан кейін тиімділігі бойынша ең үздік ұсынысты қамтитын өтінімді берген қатысушы болады. Егер сатып алуға қатысу туралы бірнеше өтінімде тиімділігі бойынша ең үздік ұсыныс қамтылса, онда бұндай сатып алуға қатысу туралы өтінімдер ішінде басқаларынан ертерек келіп түскен өтінімді берген сатып алу қатысушысы жеңімпаз болып танылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы - тиімділігі бойынша ең үздік ұсынысты қамтитын өтінімді берген қатысушы, бірақ оның өтінімі жеңімпаз өтінімінен кейін келіп түскен.

5.21.11. Сатып алу жеңімпазы келісімшарт жасасудан бұлтарған жағдайда немесе Сатып алу туралы ережеде көзделген негіздер бар болып, сатып алу жеңімпазының өтінімі келісімшарт жасасқанға дейін одан әрі сатып алуға қатысуға қабылданбай қалған жағдайда Тендерлік кеңес жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысымен келісімшарт жасасу туралы шешім қабылдайды. Бұндай қатысушыға сатып алу жеңімпазының барлық құқықтары мен міндеттері қолданылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысымен келісімшарт жасасу қаражатты тиімді пайдалану, әділ бәсекелестікті дамыту мақсаттарына болмаса, сондай-ақ жүргізілетін сатып алу мәні бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу экономикалық тұрғыдан бұдан гөрі тиімдірек жүзеге асырылуы мүмкін болса, Тендерлік кеңес сатып алуды келісімшарт жасамастан аяқтау тарлы шешім қабылдауға құқылы.

5.21.12. Егер Сатып алу туралы ережеге сәйкес сатып алу нәтижелері бойынша келісімшарт жасалмаған болса, Тендерлік кеңес келісімшарт жасамастан сатып алуды аяқтау туралы шешім қабылдайды, ол Тендерлік кеңес отырысының қорытынды хаттамасында көрсетіледі.

5.21.13. Тапсырыс беруші сатып алу қатысушысының, соның ішінде сатып алу жеңімпазының орналасқан жеріне барып, бұндай қатысушы сатып алуға қатысу туралы өтінімнің құрамында ұсынған сатып алу қатысушысының сатып алу туралы құжаттама талаптарына сай келетінін растаушы құжаттар мен мәліметтердің шынайылығын анықтау үшін тексеру жүргізіп, сатып алу қатысушысы сатып алуға қатысу туралы өтінімнің құрамында ұсынған құжаттар мен мәліметтердің шынайы немесе жалған екені туралы қорытындыны қамтитын тексеру актісін рәсімдеуге құқылы.

5.21.14. Тендерлік кеңес өзінің бастамасымен немесе сатып алу қатысушысының өтініші бойынша Тендерлік кеңес отырыстарының хаттамаларына түзетулер енгізе алады, бұндағы мақсат бұндай хаттамаларда жасалған жаңылыстарды, қателерді, техникалық қателіктерді, соның ішінде сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді қабылдау және қабылдамау тастау мәселелері бойынша қателерді жою. Тиісті хаттамаға түзетулерді енгізу туралы шешім Тендерлік кеңестің отырысында қаралады да, Тендерлік кеңес отырысының хаттамасында бекітіледі. Егер хаттамаға түзетулер енгізу туралы шешім қабылдау үшін сатып алу қатысушысының өтініші негіз болса, бұндай шешімді Тендерлік кеңес тиісті өтініш келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде қабылдайды,

## 6-тарау. САТЫП АЛУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Сатып алуды жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші сатып алу туралы құжаттамада сатып алу мәніне сәйкес сатып алу қатысушыларына қойылатын талаптарды белгілейді.

6.2. Тапсырыс беруші сатып алу туралы құжаттамада сатып алу қатысушысының белгіленген талаптарға сай келетінін, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің, келісімшартты орындау шарттарының талаптарға сәйкестігін растау мақсатында сатып алу қатысушысы ұсынатын құжаттар мен мәліметтерге қойылатын талаптар белгілейді.

6.3. Сатып алу қатысушыларына қойылатын талаптар және белгіленген талаптарға сәйкестікті растау мақсатында қатысушы ұсынатын құжаттар мен мәліметтер тізбесі Тендерлік кеңес тарапынан бекітіледі.

## 7-тарау. САТЫП АЛУ ӘДІСТЕРІ

7.1. Тапсырыс берушінің тауар, жұмыс, қызмет қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған сатып алу келесідей ***бәсекелі*** әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін:

- **конкурс** (ашық конкурс, электрондық түрдегі конкурс, жабық конкурс): тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында жүргізіледі, бұнда ұсыныстар тек баға бойынша емес, сондай-ақ өзге де біліктілік критерийлері (сапа, тәжірибе, мерзім және т.б.) бойынша салыстырылуы жөн;
- **аукцион** (ашық аукцион, электрондық түрдегі аукцион, жабық аукцион)*: тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында жүргізіледі, бұнда тиісті тауарларды жеткізу, тиісті жұмыстарды орындау, тиісті қызметтерді көрсету туралы ұсыныстар тек ең төмен баға бойынша салыстырған абзал;*
- **ұсыныстарды сұрату** (ұсыныстарды электрондық түрде сұрату, ұсыныстарды жабық түрде сұрату)*: тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында жүргізіледі, бұнда ұсыныстар баға бойынша ғана емес, сондай-ақ ақ өзге де біліктілік критерийлері (сапа, тәжірибе, мерзім және т.б.) бойынша салыстырылады және конкурстың өткізілуі талап етілетін мерзімде тауарды жеткізілуін, жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етпейді;*
- **баға белгілеуін сұрату** *(*баға белгілеуін электрондық түрде сұрату, баға белгілеуін жабық түрде сұрату)*: тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында жүргізіледі, бұнда тиісті тауарларды жеткізу, тиісті жұмыстарды орындау, тиісті қызметтерді көрсету туралы ұсыныстар тек ең төмен баға бойынша салыстырған абзал және аукционның өткізілуі талап етілетін мерзімде тауарды жеткізілуін, жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етпейді.*

7.2. Тапсырыс берушінің тауар, жұмыс, қызмет қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған сатып алу келесідей ***бәсекелестік шектеулі*** әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін:

- **Жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу**:

*сатып алу туралы ережеде көзделген ерекше жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу, бұнда тапсырыс беруші тек бір жеткізушіге (орындаушыға. Мердігерге) келісімшарт жасасуды ұсынады немесе тек бір жеткізушінің (орындаушының, мердігердің) келісімшарт жасасу туралы ұсынысын қабылдайды;*

7.3. Сатып алу әдісін таңдау туралы шешімді Тендерлік кеңес қабылдайды.

7.4. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны, сатып алу туралы құжаттаманы (баға белгілеуді электрондық түрде сұрату жағдайын қоспағанда), сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның және сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын келісімшарт жобасын электрондық алаңда төмендегідей мерзімде жариялайды:

Конкурсты, аукционды жүзеге асыру кезінде:

- конкурсқа, аукционға қатысу туралы өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күннен кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын;

Ұсыныстарды сұрату кезінде:

- ұсыныстарды сұратуға қатысу туралы өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күннен кемінде 7 жұмыс күні бұрын;

Баға белгілеуін сұрату кезінде:

- баға белгілеуін сұратуға қатысу туралы өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күннен кемінде 5 жұмыс күні бұрын.

Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны жариялау күні және сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді беру мерзімі аяқталатын күн сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны жариялаудың жол берілетін минималды мерзіміне жатпайды.

7.5. **Конкурс, ұсыныстарды сұрату** кезінде сатып алу туралы құжаттама құрамына сатып алуға қатысу туралы өтінімдерді бағалау және салғастыру тәртібі және критерийлері кіреді. Тапсырыс беруші сатып алу туралы құжаттамада келесідей сатып алу мәніне байланысты өтінімдерді бағалау және салғастыру критерийлері белгіленуі мүмкін:

- *келісімшарт бағасы, тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің бағасы;*
- *тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету мерзімдері;*
- *тауардың, жұмыстардың, қызметтердің функционалдық сипаттамалары (тұтыну ерекшеліктері) және/немесе сапалық сипаттамалары;*
- *сатып алу қатысушысының, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілігі;*
- *сатып алу қатысушысының, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушылардың) материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуі;*
- *сатып алу қатысушысының, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушылардың) кадр ресурстарымен қамтамасыз етілуі, тартылатын қызметкерлердің біліктілігі;*
- *тауар жеткізу, жұмыс орындау, қызмет көрсету тәжірибесінің бар болуы, сатып алу қатысушысының ағымдағы жұмысбастылығы;*
- *сатып алу қатысушысының іскерлік беделі;*
- *сатып алу қатысушысының қаржылық жағдайы;*
- *өзге де бағалау критерийлері.*

7.5.1. Бағалау тәртібін, бағалау критерийлерінің маңыздылығын Тапсырыс беруші оның мәніне және шарттарына қарай сатып алу туралы құжаттамада белгілейді.

7.5.2. Конкурстың, ұсыныс сұратудың жеңімпазы болып өтінімі сатып алу туралы құжаттамада белгіленген талаптарға сай келетін және өтінімдерді бағалау және салғастыру нәтижелері бойынша ең көп балл жинаған қатысушы танылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін

өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы - жеңімпаздың өтінімінен кейін ең көп балл жинаған өтінімді берген қатысушы.

7.5.3. Өтінімдерді бағалау және салғастыру нәтижелері бойынша сатып алуға қатысу туралы бірнеше өтінім ең көп балл жинаса, сатып алу жеңімпазы болып басқа сатып алуға қатысу туралы өтінімдерден ертерек келіп түскен өтінімді берген сатып алу қатысушысы танылады. Бұл жағдайда жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы болып өтінімі ең көп балл жинаған, бірақ өтінімі жеңімпаз өтінімінен кейін келіп түскен өтінімді берген қатысушы танылады.

7.6. **Аукцион** өткізу кезінде Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада аукцион қадамының мөлшерін белгілейді.

7.6.1. Аукционның сауда-саттық сессия процедурасы Сатып алу туралы ереженің 5.21-бабында белгіленген тәртіпке сай және электрондық алаң қағидалары мен регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.6.2. Аукцион жеңімпазы болып аукционның сауда-саттық сессиясы барысында келісімшарттың ең төмен бағасын ұсынған сатып алу қатысушысы танылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы болып жеңімпаздан кейін келісімшарттың ең төмен бағасын ұсынған қатысушы танылады, ал бұндай өтінім жоқ болған кезде - жеңімпаз өтінімінен кейін келіп түскен өтінім.

7.6.3. Аукционның сауда-саттық сессиясын өткізу кезінде ешбір қатысушы аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын белгіленген аукцион қадамына төмендетуді ұсынбаса, аукцион қатысушысы аукционға қатысу туралы өтінімді берген кезде Тапсырыс беруші ескеретін келісімшарт бағасын (лот бағасын) көрсетуге құқылы.

7.6.4. Егер аукционның сауда-саттық сессиясы барысында ешбір қатысушы аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген келісімшарттың бастапқы (максимал) бағасын белгіленген аукцион қадамына төмендетуді ұсынбаса, онда аукцион жеңімпазы болып өтінімінде ең төмен келісімшарт баға (лот баға) ұсынысы қамтылған сатып алу қатысушысы танылады, ал бұндай өтінім жоқ болса, аукцион жеңімпазы болып сатып алуға қатысу туралы өтінімі басқа өтінімдерден ертерек келіп түскен өтінімді берген сатып алу қатысушысы танылады.

Егер келісімшарттың ең төмен бағасы (лото бағасы) сатып алуға қатысу туралы бірнеше өтінімде көрсетілсе, аукцион жеңімпазы болып ең төмен бағаны қамтитын сатып алуға қатысу туралы өтінімдер арасынан ертерек келіп түскен өтінімді берген сатып алу қатысушысы танылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы - ең төмен бағаны қамтитын өтінімді берген қатысушы, бірақ оның өтінімі жеңімпаз өтінімінен кейін келіп түскен.

7.7. Баға белгілеуін сұратудың жеңімпазы болып ең төмен келісімшарт бағасын (лот бағасын) ұсынған сатып алу қатысушысы танылады.

7.7.1. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы - жеңімпаз бағасынан кейін ең төмен келісімшарт бағасын (лот бағасын) ұсынған сатып алу қатысушысы.

7.7.2. Егер келісімшарттың ең төмен бағасы (лото бағасы) сатып алуға қатысу туралы бірнеше өтінімде көрсетілсе, баға белгілеуін сұратудың, баға сұратудың жеңімпазы болып ең төмен бағаны қамтитын сатып алуға қатысу туралы өтінімдер арасынан ертерек келіп түскен өтінімді берген сатып алу қатысушысы танылады. Жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысы - ең төмен бағаны қамтитын өтінімді берген қатысушы, бірақ оның өтінімі жеңімпаз өтінімінен кейін келіп түскен.

7.8. Тендерлік кеңестің сатып алу нәтижелері бойынша шешімі Тендерлік кеңес отырысының қорытынды хаттамасымен рәсімделеді.

7.9. Бәсекелі сатып алу барысында және нәтижелері бойынша жасалатын әрі электрондық алаңда жарияланатын хаттамаларда сатып алу қатысушыларының, Тендерлік кеңес өкілдерінің атауын көрсету көзделмейді.

## 8-тарау. САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ ШЕШУ

8.1. Сатып алуды жүзеге асыруға байланысты қайшылықтарды шешу үшін сатып алу қатысушысы Тапсырыс берушіге шағым жіберуге құқылы.

8.2. Шағымды қарау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші шағым мәніне қатысты шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлайды.

## 9-тарау. ЖАЛҒЫЗ ЖЕТКІЗУШІДЕН (ОРЫНДАУШЫДАН, МЕРДІГЕРДЕН) САТЫП АЛУ

9.1. Тапсырыс беруші төмендегі ерекше жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып ала алады:

9.1.1. белгілі бір аймақта немесе елді мекенде сатып алу мүмкіндігін, ескере отырып, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді баламасы жоқ жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу немесе тауар, жұмыс, қызмет құны Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес реттелетін болса, сондай-ақ табиғи монополиялар қызметі саласына жататын қызмет түрлерін, және (немесе) электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су тарту және сарқынды суды тазарту, гидрометеорология, қатты коммуналдық қалдықтармен, қауіптілігі бойынша I және II санатты қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы реттелетін қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан сатып алғанда.

9.1.2. Тапсырыс берушінің және/немесе Тапсырыс берушінің өзара тәуелді тұлғасының және/немесе Тапсырыс беруші қатысушысының (акционерінің) өзара тәуелді тұлғасының қатысушысы (акционерінің) болатын ұйымнан тауар, жұмыс, қызмет сатып алғанда.

9.1.3. Өзінің және/немесе технологиялық қажеттіліктер үшін, сондай-ақ одан әрі өткізу мақсатында мұнай, мұнай өнімдерін сатып алғанда.

9.1.4. төтенше жағдайлардың, еңсерілмейтін күш жағдайларының және апаттардың салдарын жою мақсатында, сондай-ақ магистральдық мұнай құбырымен сенімді түрде тасымалдауды, жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын және қызмет үшін аса маңызды агрегаттардың, кешендердің, тапсырыс берушінің қолданбалары мен жүйелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, немесе Тапсырыс берушінің өзге де шұғыл

қажеттіліктерін қажетті уақыттың жоқтығына байланысты басқа сатып алу әдістерін қолдану арқылы қанағаттандыру мүмкін болмайтын кездегі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда;

9.1.5. Тапсырыс беруші қызметкерлерінің және басқа тұлғалардың жеке және ұжымдық мұқтаждықтарын, соның ішінде оқыту, әлеуметтік қамтамасыз ету, сауықтыру, спорт, мәдени-көпшілік шаралар, көрмелерді, конференцияларды және өзге де өкілдік шараларын өткізу және қатысу, делегацияларды қабылдау және делегацияларға қатысу саласындағы мұқтаждықтарды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қызметтік іссапарға жіберуге байланысты мұқтаждықтарға байланысты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда.

9.1.6. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қосымша сатып алғанда, қызмет көрсетуді іс жүзінде ұзартқанда, сондай-ақ стандарттау себептеріне байланысты немесе технологиялық процестердің үздіксіздігін, өндірістік қатынастарды, қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен немесе қызметтермен үйлесімін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, Тапсырыс берушінің қанағаттануы тұрғысынан бастапқы сатып алу тиімділігін және бастапқы сатып алулармен салыстырғандағы сатып алудың шектеулі көлемін, бағаның орындылығын ескерер отырып, жеткізушіні (орындаушыны, мердігерді) алмастыру жөнсіз болатын ілеспе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда.

9.1.7. Қауіпсіздікті, ақпараттық (кибернетикалық) қорғануды, мобилизациялық даярлықты (физикалық қорғау және кіруді бақылау қызметтерін қоспағанда) қамтамасыз ету мұқтаждығы үшін тауар, жұмыс, қызмет сатып алғанда.

9.1.8. Сыйлық жиынтықтары мен кәдесый бұйымдарын, БАҚ қызметтерін, фото-видео, графикалық материалдарға, демеушілік көмекке байланысты қызметтерді, қызметкерлерді іріктеуге байланысты қызметтерді, мөр, мөртаңбаларды, клишелерді, факсимиле, бланкілерді дайындау қызметтерін, телевизия (жерсеріктік, кабелді, IPTV) қызметтерін, пошта және телеграф қызметтері, қаржы есептілігіне, негізгі құралдарды және оларға ілеспе қызметтерді, өзге де консультациялық, қаржылық және заңгерлік қызметтерді (соның ішінде адвокаттар мен нотариустердің қызметтері), қайта бағалауға және болжамды талдауға байланысты қызметтерді, акционерлік қоғамның тіркеуші қызметтерін, шаруашылық қоғамдардың акцияларын (жарғылық капиталдағы үлестерін) бағалау қызметтерін, жылжымайтын мүлікті бағалау бойынша және осындай мүлікке қатысты құқықтарды бағалау қызметтерін сатып алғанда;

9.1.9. Жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) өздерінің жеке еңбегін қолдана отырып орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді сатып алғанда, бұнда мердігердің/орындаушының жеке басы Тапсырыс беруші үшін аса маңызды болады.

9.1.10. Жылжымайтын мүлік нысандарына (соның ішінде тұрғын ғимарат және тұрғын үй емес ғимараттар (орынжайлар) жер учаскелері) және солармен байланысты жылжымалы мүлікке қатысты мәмілелер (соның ішінде сатып алу-сату, жалға беру/қосалқы жалға беру, үлестік қатысу, сервитуттар/жария сервитуттар).

9.1.11. Құрылыс саласындағы тиісті авторлардың авторлық бақылау, авторлық қадағалау қызметтерін сатып алғанда.

9.1.12. Жеткізуші (орындаушы, мердігер) міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша, біржақты немесе сот тәртібімен бұзылған келісімшарттың мәні болған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда. Жеткізілетін тауар саны, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет көлемі, келісімшарт бағасы осыған дейін жасалған келісімшарт бойынша жеткізілген тауардың санына, орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің көлеміне пропорционал түрде азайтылуы керек. Жаңа келісімшарт жасалған жағдайда бастапқы келісімшарт жасалған күннен бастап 6 ай ішінде бұзылған келісімшарттағы құн көрсеткіштеріне (тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің құнына) қарағанда құн көрсеткіштерін (қолданыстағы келісімшарттағы тауардың белгілі бір санын, жұмыс немесе қызмет көлемін азайтқан кезде) арттыруға жол берілмейді.

9.1.13. Мәні осыған дейін өткізіліп, жасалмаған және аяқталмаған сатып алу келісімшартын жасасу процесіне сәйкес келетін және жасалатын келісімшарттың бағасы бастапқы (максимал) бағасынан аспайтын, тауар, жұмыс, қызмет бірліктерінің бағасы осыған дейін өткізілген сатып алудағы тауар, жұмыс, қызмет бірлігінің тиісті бағаларынан аспайтын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда.

9.2. тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу туралы шешім, сатып алу туралы шешімші бекіткен күндегі Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ҚҚС-сыз 50 000 АҚШ доллары эквивалентінен асатын келісімшарт бағасымен келісімшарт жасалатын тұлғаны таңдау туралы шешімді Тендерлік кеңес қабылдайды.

9.3. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды жүзеге асырған кезде Тапсырыс беруші сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны және келісімшарт жобасын жарияламайды.

9.4. Тапсырыс беруші жалғыз жеткізушімен (орындаушымен, мердігермен) келісімшарт жасасу үшін жеткізушіге (орындаушыға, мердігерге) ұсыныс жібереді және жалғыз жеткізушінің (орындаушының, мердігердің) келісімшарт жасасуға келісімін алады немесе жеткізушінің (орындаушының, мердігердің) келісімшарт жасасу туралы ұсынысын қабылдайды.

## 10-тарау. КЕЛІСІМШАРТТАРДЫ ЖАСАСУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

10.1. Тапсырыс беруші келісімшартты Сатып алу туралы ережеде, сатып алу туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көзделген тәртіппен таңдалған сатып алу жеңімпазымен жасасады.

10.2. Тапсырыс берушінің басқару органы келісімшарттың жасалуын мақұлдауы қажет болса, бұндай келісімшарт тиісті мақұлдауды алғаннан кейін жасалуы керек.

10.3. Қорытынды хаттамаға қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші немесе электрондық алаң операторы электрондық алаң функционалын пайдалана отырып, сатып алу жеңімпазына оның жеңімпаз болып таңдалғаны және электрондық алаңның бағдарламалық-аппараттық құралдары көмегімен келісімшартқа қол қою немесе сатып алу туралы құжаттамада басқа тәртіп көзделмесе, Хабарламада көрсетілген тәртіппен келісімшартқа қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны (осы тарауда бұдан әрі - Хабарлама) жолдайды.

10.4. Электрондық алаңның бағдарламалық-аппараттық құралдары көмегімен келісімшартқа қол қойылған жағдайда Тапсырыс беруші электрондық алаң функционалы арқылы сатып алу жеңімпазына қол қою үшін келісімшарттың толтырылған жобасын жібереді. Сатып алу жеңімпазы келісімшартқа электрондық алаңның бағдарламалық-аппараттық құралдары көмегімен немесе сатып алу туралы құжаттамада өзге тәртіп көзделмесе, Хабарламада белгіленген тәртіппен мына мерзімде қол қоюға міндетті:

- *қорытынды хаттама электрондық алаңда жарияланған сәттен бастап 10 күнде:*

- *егер сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада сатып алу қатысушысы өзі сатып алудың жеңімпазы болып танылғаннан кейін белгіленген мерзім ішінде Тапсырыс берушіге белгілі бір құжаттар мен мәліметтерді ұсыну міндеті көзделген болса, қорытынды хаттама электрондық алаңда жарияланған сәттен бастап 13 күнде.*

10.5. Сатып алу қатысушысы өз сатып алу жеңімпазы болып танылғаннан кейін және келісімшартқа қол қойылғанға дейін өзінің баға ұсынысын төмендетуге құқылы. Бұндай жағдайда тараптар жаңадан ұсынылған бағамен келісімшарт жасасады.

10.6. Егер сатып алу жеңімпазы болып танылған сатып алу қатысушысы белгіленген мерзімде келісімшартқа қол қоймаса немесе сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада қамтамасыз етуді ұсыну міндеті белгіленген жағдайда келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, Сатып алу туралы ережеде көзделген салдардың орын алуына байланысты бұндай қатысушы келісімшарт жасасудан бұлтарған болып танылады.

10.7. Сатып алу жеңімпазы келісімшарт жасасудан бұлтарған жағдайда немесе Сатып алу туралы ережеде көзделген негіздер бар болып, сатып алу жеңімпазының өтінімі келісімшарт жасасқанға дейін одан әрі сатып алуға қатысуға қабылданбай қалған жағдайда Тендерлік кеңестің қорытынды хаттамасында көрсетілген жеңімпаз өтінімінен кейін өтінімі ең үздік деп танылған сатып алу қатысушысымен (жаңа жеңімпаз) келісімшарт жасалуы мүмкін.

10.7.1. Жаңа жеңімпазды таңдау және жаңа жеңімпаздың өтінімінен кейін ең үздік деп танылған өтінімді берген сатып алу қатысушысын анықтау туралы шешім Тендерлік кеңестің қорытынды хаттамасында көрсетіледі. Жаңа жеңімпазбен келісімшарт жасасу Сатып алу туралы ережеде көзделген тәртіппен және мерзімде іске асырылады, бұл ретте мерзім соңғы қорытынды хаттама электрондық алаңда жарияланған күннен бастап есептеледі.

10.7.2. Сатып алу жеңімпазы келісімшарт жасасудан бұлтарғаннан соң немесе сатып алу жеңімпазының өтінімі келісімшарт жасасқанға дейін одан әрі сатып алуға қатысуға қабылданбай қалған жағдайда Тендерлік кеңес сатып алуға қайта қатысу процедурасын қайта жүзеге асыру туралы шешім қабылдаса, бұндай шешім, сондай-ақ сатып алуға қайта қатысу процедурасын қайта жүзеге асыру күні мен уақыты Тендерлік кеңестің хаттамасында көрсетіледі. Бұндай жағдайда сатып алу жеңімпазын анықтау сатып алуға қайта қатысу процедурасын қайта жүзеге асыру кезінде сатып алу қатысушылары берген баға ұсыныстарын ескере отырып, сатып алуды жүзеге асырудың тиісті әдісі үшін Сатып алу туралы ережеде көзделген тәртіппен іске асырылады.

10.8. Егер сатыр алу қорытындысы бойынша келісімшарт сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада белгіленген тауар жеткізу, жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді бастау күнінен кеш жасалатын болса, келісімшарт бойынша тауар жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсетуді бастау күні сатып алу қорытындысын іс жүзіне шығару күнінен бастап есептелетін, сатып алуды жүзеге асыру туралы мәлімет бастапқы жарияланған кездегі сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көрсетілген сатып алу қорытындысын шығару күні мен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада, сатып алу туралы құжаттамада көрсетілген тауар жеткізу, жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді бастау күні арасындағы күн санына сәйкес күндер санына ауыстырылады. Объективті мән-жайлар бар болса, сатып алу нәтижесінде жасалатын келісімшарт тараптарының келісімі бойынша тауар жеткізудің, жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді бастаудың өзге мерзімдері, яғни осы тармақта көрсетілген өзгеше мерзімдері көрсетілуі мүмкін.

10.9. Тапсырыс беруші жасалатын келісімшарттардың орындалуына бақылау жүргізеді, соның ішінде:

- *жеткізілетін тауардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына;*
- *тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету мерзімдеріне;*
- *келісімшарт бойынша өзге міндеттемелеріне.*

10.10. Тапсырыс беруші сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің көлемін, бағасын, сондай-ақ сатып алу нәтижесінде жасалатын келісімшартта, соның ішінде жалғыз жеткізушімен (орындаушымен, мердігермен) жасалған келісімшартта белгіленген келісімшартты орындау мерзімдерін өзгертуге уәкілетті. Бұндай өзгерістер келісімшартқа жасалатын қосымша келісімдерде рәсімделеді.

10.11. Сатып алуға қатысу туралы өтінімді қамтамасыз етуді қайтару тәртібі, мерзімі және жағдайлары, атап айтқанда бұндай қамтамасыз ету сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада көзделген болса, сатып алу туралы құжаттамада көрсетіледі.

10.12. Тапсырыс берушінің жеткізілген тауар, орындалған жұмыс (оның нәтижелері), көрсетілген қызмет үшін төлем жасау мерзімі сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын келісімшарт жобасында көрсетіледі.

## 11-тарау. САТЫП АЛУДЫ АҚПАРАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

11.1. Тапсырыс беруші КҚК-ның ресми сайтында кемінде бір жылға арналған тауар, жұмыс, қызмет сатып алу жоспарын жариялайды. Жарияланған жоспарда көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қажеттілігі туындаған кезде Тапсырыс беруші тауар, жұмыс, қызмет сатып алу жоспарын түзетеді.

11.2. Жалғыз жеткізушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды қоспағанда, сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алу туралы ақпарат, соның ішінде сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама, сатып алу туралы құжаттама, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның және сатып алу туралы құжаттаманың ажырамас бөлігі болатын келісімшарт жобасы, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға, сатып алу туралы құжаттамаға енгізілген өзгерістер, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның және сатып алу туралы

құжаттаманың ережелеріне қатысты түсіндірмелер, сатып алуды жүзеге асыру барысында жасалатын хаттамалар, сатып алудың қортынды хаттамасы, сондай-ақ Сатып алу туралы ережеге сәйкес электрондық алаңда жариялануы көзделген өзге де ақпарат электрондық алаңда жарияланады.

11.3. Сатып алуды жүзеге асыру кезінде электрондық алаңда, Тапсырыс берушінің сайтында коммерциялық құпияны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдарына және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес қолжетімділікті шектеуге заңды негіздер болғанда қолжетімділік шектелетін өзге де ақпаратты қамтитын мәліметтер жарияланбайды. Осы тармақта көрсетілген ақпаратты қамтитын сатып алу туралы құжаттама сатып алу қатысушысына ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойғаннан кейін табысталады.

11.4. Сатып алу барысында жасалатын хаттамаларды Тапсырыс беруші осындай хаттамаларға қол қойған күннен соң үш күннен кешіктірмей электрондық алаңда жариялайды.